2012-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі электрондық журналдан зерделенді. «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру», негізгі орта білім беруде «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім беру саласына бірнеше мәндес оқу пәндері біріктірілген. Жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық гуманитарлық бағытта бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер айқындалған. Әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттары нақтыланған. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізген. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігі көлемінің мазмұнын менгеру сапасы бағаланып аралық бақылау жасалған. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары атқарылған, сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. Білім беру салаларында тиісінше тыңдалым, айтылым, оқылым жасалған. Білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері бағаланған. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Жылдық жиынтық бағалау жасалып, оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылар сыныптан-сыныпқа көшірілді.



Оқу жылдары	2-4 класс			5-9 класс			10-11 класс		
	үздік	екпінді	%	үздік	екпінді	%	үздік	екпінді	%
2021-2022	81	71	69%	53	92	52%	9	17	44%
2022-2023	85	79	72%	64	104	50%	6	20	45%
2023-2024	84	87	72,4%	67	118	55%	13	16	36%

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығын (өзгерістер мен толықтыруларын ала отырып) басшылыққа ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 9 және 11-сыныптарды бітірушілерге қорытынды аттесттауды ұйымдастыру мақсатында мектепшілік «Қорытынды аттестаттауды өткізу» бұйрығы шығарылды.

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы, 14-тармақшасына сәйкес, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылыққа қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125, 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2022 жылғы 5 мамырдағы №151, Ақтөбе ҚББ –нің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 190 бұйрықтарының талаптарына сәйкес, 2022 жылдың 20 мамырдағы №101 «2021-2022 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттауды өткізу туралы» бұйрығымен оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілді: 1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу жылы ұйымдасқан түрде 2022 жылғы 25 мамырда; 2.9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары- 2022 жылғы 28 мамыр мен 6 маусым аралығы; 3.11 сыныптарда мемлекеттік бітіру емтихандары- 2022 жылғы 27 мамыр мен 10 маусым аралығы. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді: 9 (10) сыныптарда білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) 2022 жылғы 28 мамырда, математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2022 жылғы 31 мамырда, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2022 жылғы 3 маусымда, таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихандар 2022 жылғы 6 маусымда өткізілді. 11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2022 жылғы 27 мамырда, қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жылғы 30 мамырда, Қазақстан тарихының ауызша емтихан 2022 жылғы 2 маусымда, қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу 2022 жылғы 7 маусымда, таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихандар 2022 жылғы 10 маусымда өтті. 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушыларын қайта аттестаттау қажеттілігіне қарай, санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымы айқындаған мерзімде өткізілді.

2022-2023 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу ҚР Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 18 сәуірдегі №173, Ақтөбе ҚББ –нің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 129 бұйрықтарының талаптарына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық

бағыныстылыққа қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында мектепшілік бұйрық шығарылып, жүргізілді. 9-сыныптарда қорытынды бітіру емтихандары 2 маусым – 13 маусым, 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 5 маусым – 19 маусымда жүргізілген. 9-сыныпта 64 оқушы 2 маусымда қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, 6 маусымда математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы), 9 маусымда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау), 13 маусымда таңдау пәні (Қазақ әдебиеті, шетел тілі, география,биология,физика, Қазақстан тарихы) бойынша жазбаша емтихан тапсырған. 11-сыныпта 33 оқушы 5 маусымда алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан, 8 маусымда қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, 12 маусымда Қазақстан тарихынан ауызша емтихан, 15 маусымда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан, 19 маусымда таңдау пәні (география, шетел тілі, қазақ әдебиеті, биология, дүниежүзі тарихы) бойынша жазбаша емтихан тапсырған. Емтихан оқу бағдарламасына сай жүргізілді. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделді. Аттесттау барысында білім алушылардың бағдарламаны игергендігі анықталған. 9,11 сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта және жалпы білім туралы аттестат берілді.

**2023-2024 оқу жылы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304, Ақтөбе ҚББ –нің 2024 жылғы 10 мамырдағы №242 бұйрықтарының талаптарына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылыққа қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында мектепшілік бұйрық шығарылып, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау өткізілді. Оқу жылы ұйымдасқан түрде 2024 жылғы 24 мамырда аяқталды.

- 1) 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары- 2024 жылғы 29 мамыр -10 маусым аралығы;
- 2) 11 сыныптарда мемлекеттік бітіру емтихандары- 2024 жылғы 28 мамыр -11 маусым аралығы.

9 сынып бойынша барлығы 67 білім алушы, 2 білім алушы Бактыгөрей Ақұштап, Алтайұлы Ибрахим денсаулығына байланысты дәрігерлік кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.05.2024 жылғы «Ақтөбе қаласы мектептерінің білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан босату туралы» №290 бұйрығымен емтиханнан босатылды.

9 сынып бойынша 65 білім алушы қазақ тілінен 29 мамыр эссе нысанында жазбаша емтихан; математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 3 маусым; қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 6 маусым; таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 10 маусым;

11 сынып бойынша 20 білім алушы қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан -2024 жылғы 28 мамыр; алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 31 мамыр; Қазақстан тарихының ауызша емтихан-2024 жылғы 4 маусым;қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен жазбаша емтихан 7 маусым; таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан 11 маусымда тапсырды. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделді. Аттесттау барысында білім алушылардың бағдарламаны игергендігі анықталған. 9,11 сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта және жалпы білім туралы аттестат берілді.

Оқу жылы	9 сынып			11 сынып			
	Түлек саны	НОБ аттестат	Үздік аттестат	Түлек саны	ЖОБ аттестат	Үздік аттестат	Алтын белгі
2021-2022	36	33	3	28	25	1	2

2022-2023	64	53	11	33	30	-	3
2023-2024	67	60	7	20	18	1	1

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы ұйымдастырылуы бойынша ерекшелік емтихан тапсырмасы сол күні таңертең интернеттен ссылақ арқылы, паролі ҚББ-нен почтамен келіп, одан Ақтөбе уақытымен сағ 6.00-де және 7.00-де комиссия мүшелерінің қатысуымен жүктеліп, көбейтіліп, Акт жасалынып отырды. Емтихан кезінде құқықбұзушылық, кешігу болмады. Барлық емтихан уақытымен басталып, берілген уақытта аяқталып отырды. 11-класстың барлық емтиханында ЗУМ платформасымен ҚББ-нің ұйымдастыруымен, облыстық ББ бақылаушысының қатысуымен видеобақылаумен Алтын белгіге үміткерлердің жұмыс барысы бақыланып отырды. Алтын белгіге үміткерлердің алгебра және анализ бастамалары (жазбаша жұмысы) және қазақ тілінен (эссе) жұмыстары мен жобасы емтихан біткен бойда видеобақылау алдында сканерленіп, арнайы почтаға жіберіліп және жұмыстары ҚББ -не жеткізіліп отырды.

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;**

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесінде жасалды. 2023-2024 оқу жылғы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау bilimclass.kz электронды журналында жүргізілді.

Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жанартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу бұйрығы мен кестелері тексеруге ұсынылады.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес.

*(Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.*

2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалды. Оқушылар қозғалысы бойынша (ауысқан) бағалау түсірілді. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша балдар қойылған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілді. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылды. БЖБ балдары №125 бұйрықтың 3 тарау, 14-2 тармағы «БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек» сақталып, бағалау балы максималды балына сәйкес қойылды.

3)Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

**Талдау нәтижелері :** 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында жылдық жұмыс жоспары, психологиялық-педагогикалық кеңес құрамы, жоспары, педагогикалық-психологиялық қолдау жоспары құрылып, бекітілді. Педагогикалық-психологиялық қолдау мен педагогикалық-психологиялық кеңес құрамына мектеп директоры А.А.Абжалелова, психологтар Саин А, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Кенжебекова, мектеп логопеді Г.Жалғасова, мектеп медбикесі Н.Саламатова., әлеуметтік педагог Жылқайдарова А, жауапты маман директор оқу ісі жөніндегі орынбасары К.С.Кайболдинова және сынып жетекшілер Г.Жұмашева, Г.Баймуханова мен Г.Серибаева қамтылды. Жоспар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқитын оқушылардың тізімі анықталып, ақпарат жинақталды. Кеңес құрамы бірлесе отырып ПМПК қорытындысы бойынша ұсынымы талданды. 2021-2022 оқу жылын 4 ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар және 3 үйден оқитын оқушы болып бастадық. Бастауыш сыныптар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері арасында отырыс өткізілді. Оқушылармен жүргізілетін сабақтардың жүргізілуі бойынша ұсыныс айтылды. Мектеп психологі мен логопед арнайы кестесін құрып оқушылармен қосымша жеке, топпен жұмыс жасады. Мектебіміз бойынша 57 пән мұғалім болса, соның ішінде 40 пән мұғалімі «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» біліктілікті арттыру курсынан өткен. Бұл 70% құрайды.



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепшілік үйірмелерге қамтылды. Мектепшілік іс-шараларға қатыстырылды.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында жылдық жұмыс жоспары, психологиялық-педагогикалық кеңес құрамы, жоспары, педагогикалық-психологиялық қолдау жоспары құрылып, бекітілді. Педагогикалық-психологиялық қолдау мен педагогикалық-психологиялық кеңес құрамына мектеп директоры А.А.Абжалелова, психолог Саин А, мектеп логопеді Г.Жалғасова, әлеуметтік педагог Советова, жауапты маман директор оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Сыршова және сынып жетекшілер қамтылды. Жоспар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқитын оқушылардың тізімі анықталып, ақпарат жинақталды. Кеңес құрамы бірлесе отырып ПМПК қорытындысы бойынша ұсынымы талданды. 2022-2023 оқу жылында №69 ЖББОМ ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны -8, оның ішінде үйден оқытылатын 1 оқушы-Алтайұлы И. Бастауыш сыныптар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері арасында отырыс өткізілді. Оқушылармен жүргізілетін сабақтардың жүргізілуі бойынша ұсыныс айтылды. Мектеп психологі мен логопед арнайы кестесін құрып оқушылармен қосымша жеке, топпен жұмыс жасады. «Ерекше білім беруді қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» біліктілікті арттыру курсынан мектебіміздің пән мұғалімдері толықтай курстан өткен.

Мектепшілік үйірмелерге қамтылған ерекше білім беруді қажет ететін оқушылары қамтылған. Соның ішінде Сариев Диас балалар арасында суға жүзуден қалалық жарыста мадақтамен марапатталды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жылдық жұмыс жоспары, психологиялық-

педагогикалық кеңес құрамы, жоспары, педагогикалық-психологиялық қолдау жоспары құрылып, бекітілді. Педагогикалық-психологиялық қолдау мен педагогикалық-психологиялық кеңес құрамына мектеп директоры А.А.Абжалелова, психолог Саин А, мектеп логопеді А.Ерсайнова, әлеуметтік педагог Курбанова А., жауапты маман директор оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Сырашова және сынып жетекшілер қамтылды. Жоспар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқитын оқушылардың тізімі анықталып, ақпарат жинақталды. Кеңес құрамы бірлесе отырып ПМПК қорытындысы бойынша ұсынымы талданды. 2023-2024 оқу жылын 9 ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар және 1 үйден оқитын оқушы болып бастадық. Оның ішінде 1-4 сыныптар бойынша 5 оқушы, 5-9 сыныптар аралығында 4 оқушы. Соның ішінде 3 оқушы жеке бағдарлама оқытылды. Олар: Жұмақұл Ерке, Тлегенов Даулет, Бухаев Мерлан.

Жеңіл-ақыл ойы кешеуілденген	ФФН	Есту қабілеті бұзылған	Тірек-қимыл аппараты бұзылған	Психикалық даму тежелген	Көру қабілеті бұзылған
4	1	1	1	1	1


Бастауыш сыныптар бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері арасында отырыс өткізілді. Бұл оқушылармен жүргізілетін сабақтардың жүргізілуі бойынша ұсыныс айтылды.

ПМПК қорытындысы бойынша жеке оқулықпен қамтылуы тиіс 3 оқушылар оқулықпен толықтай қамтылды.

.Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сұрасына сай болу-заманның талабы. Соған қарай, мектеп әкімшілігі «Bilim media» ЖШС-мен келісім шарт негізінде педагогтердің біліктілігін арттырды. Пән мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтері «Мектепте инклюзивті білім беруді іске асыру» тақырыбында 72 сағаттық курстан толықтай өтіп, сертификат иеленді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепшілік үйірмелерге қамтылды. Мектепшілік іс-шараларға қатысады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар ішінен мектепшілік «Оқуға құштар мектеп» аясында «1-11 сынып оқушылар арасында «Тәуелсіздік-Тәңірдің сыйы» атты мәнерлеп оқу байқауында 6 «б» сынып оқушысы Темірбек Еркемек 2 орынды және мектепшілік домбыра үйірмесіне қатысып, қалалық шығармашылық конкурстарға жүлделі орындар иеленді. Домбыра жетекшісі Г. Бекмуханова жетекшілік етті. Ақтөбе қаласының білім бөлімі «Әдістемелік кабинет» КММ және «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы үйі» МКҚК ұйымдастыруымен Ақтөбенің 155 жылдық мерейтойына орай ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған «Мен де бір жұлдыз» атты көркемсурет және сәндік қолданбалы өнер байқауына қатысып, 1 «б» сынып оқушысы Ержан Әлихан 1 орын, Жұмақұл Ерке мен Қайбышева Жансая сертификатпен марапатталды. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдары оқушылардың арасында 25 қазан Республика күніне орай қйымдастырылған «Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты ең үздік плакаттар байқауында жоғары нәтиже көрсеткен 6 «ә» сынып оқушысы Бухаев Мерлан 2 орын иеленді. 9 «ә» сынып оқушысы Сариев Диас Павлодар қаласында жасөспірімдер арасында өткен жүзден сайысқа қатысып, өзінің спорттық өнерін шырдап !» орын алды.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен сүйемелдеу» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған семинарда мектеп психологі Саин А., әлеуметтік педагог Курбанова А., мектеп логопеді Ерсайнова А., баяндамалар оқып, тәжірибелерімен бөлісті.



4) 4, 9 сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының

**талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.**

Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілді. Педагогтер, 4,9 сынып білім алушыларына және олардың ата-аналарына сауалнама өткізілді. Сауалнамаға респонденттердің 98% қатысты.

№	қатысушылар	Қатысушылар нақты саны	Сауалнамаға қатысқандары		жауаптары			
			саны	%	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	4 класс оқушылары	72	67	93%	57%	29%	11%	3%
2	9 класс оқушылары	67	63	94%	21%	67%	12%	0,7%
3	4 класс ата-аналары	72	70	97%	61%	36%	2%	1%
4	9 класс ата-аналары	67	60	91%	49%	49%	1%	1%
5	МАД ата-аналары	56	54	96%	76%	12%	9,3%	2,3%
6	педагогтер	47	45	96%	70,5%	29%	0,2%	0,1%

Білім алушылармен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуде білім деңгейлерін айқындау бағытында 4,9 сынып білім алушыларынан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды, нәтижелері төрт балдық жүйе бойынша бағаланады. 4-сыныпта барлығы 72 оқушы бар, тестілеуге 67 оқушы 93% қатысты. 4 кластан 5 оқушы (Айдаров Нұрмұхаммед, Узбекбай Нурали, Жасарал Санжар, Тлегенов Даулет(инк), Әзис Әзиза) денсаулықтарына байланысты дәрігерден алған анықтама бойынша босатылды. 9-сыныпта барлығы 67 оқушы бар, тестілеуге 63 оқушы 94% қатысты. Тестілеуге 9 сыныптан 4 оқушы (Алтайұлы Ибрахим(үйден оқиды), Бақтыгерей Ақұштап, Наурызбаев Рустам, Тұрғанбаева Наргиз) денсаулықтарына байланысты дәрігерден алған анықтама бойынша босатылды. Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 90%-дан жоғары, яғни сәйкес келеді. Тестілеу нәтижесі бойынша дұрыс жауаптар 4 сыныпта 67 баладан 97%, 9 сыныпта 63 баладан 93% көрсетіп отыр.

**Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері:**

р/с	сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушы саны	Нақты қатысқан оқушы саны	Бағалар саны «5»	Бағалар саны «4»	Бағалар саны «3»	Бағалар саны «2»	Оң бағалар %
1	4	72	67	4	40	21	2	97%
2	9	67	63	-	17	42	4	93%
3	Барлығы	139	130	4	57	63	6	95%

Оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері бойынша контингенттің тізімдік құрамынан дұрыс жауап бергені 4,9 сыныпта 40%-дан кем емес, яғни білім алушылардың бағасы «қанағаттанарлық» деген өлшемді көрсетті.

#### **15. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

1) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

**Талдау нәтижелері:** аталған өлшем шарт бойынша құжаттар «Күнделік» «Білім класс» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Пәндер бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген. Оқу бағдарламаларындағы апталық жүктемелер оқу жылына пәндер бойынша 2021-2022, 2023-2024 оқу жылдарында 34 аптаға, 2022-2023 оқу жылында 36 аптаға сәйкес әзірленген.

**Қорытынды:** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік; орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 46,47 тармақтары, 3-қосымша 5-тарау 62,63-тармақтары 4 қосымша 5-тарау 56, 57 тармақтарына талаптарына сәйкес келеді

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

**Талдау нәтижелері:** Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарына көрсетілген. 2021-2022 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталған. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул -10 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы -11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында) 1 сыныптарда қосымша қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында). 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы - 40 минут. 1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте – күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут.

2022-2023 оқу жылының басталуы -2022 жылғы 1 қыркүйек, аяқ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -36 оқу аптасы; 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы - 40 минут 1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте – күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут. Оқу жылындағы каникул кезеңдері: 1-11- сыныптарда: күзгі каникул 7-күн (2022 жылғы 31 қазан -6 қараша аралығында), қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул - 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1 сыныптарда – қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында);

2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылының каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі демалыс-7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қараша қоса алғанда), қысқы демалыс- 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда). 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы -40 минут.

1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте – күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут. 1-сыныптарда қосымша демалыс – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан 11 ақпанды қоса алғанда).

**Қорытынды:** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік; орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 48,49 тармақтары, 3-қосымша 5-тарау, 64-тармақтары 4 қосымша 5-тарау 58 тармақтарына талаптарына сәйкес келеді.

**Бағалау парағы**  
**Ақтөбе қаласы білім басқармасы мемлекеттік мекемесі**  
**«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ескерту. Өлшемшарттарға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.05.2024 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	97 %	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
4	"Бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 %-дан жоғары;	5 53%
5	"Бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -45% -дан 54 % аралығында, лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);	4 52%















6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы	100 %	5
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %-дан 100 %-ға дейін құрайды	5
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерін ініндегеніне қанағаттанған	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
13	Ата-аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
<b>Балдардың жалпы сомасы</b>			<b>63</b>

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарау 7-тармағында көрсетілген жалпы білім беретін бағдарламаларды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді және 63 балл үлгілі (үлгілі 55-тен 65 балға дейін) деп бағаланды.

Комиссия төрағасы  
Комиссия мүшелері:

Абикалелова Айгул Амангельдиевна



 Сырашова Галия Кантуреевна  
 Кайболдинова Куралай Сандигалиевна  
 Алашбаева Гулжайнар Серказыевна  
 Рахметова Айнур Жалгасовна  
 Кенжебекова Гулистан Аюбаевна  
 Толеуова Венера Сегизбаевна  
 Есенбекова Женаз Сайынқызы  
 Сейи Ақмарал Ғабитқызы  
 Сайменова Гулжан Советбайқызы  
 Ерсайнова Ақтоты Токтаровна  
 Сармуханова Айымгул Кадирғалиевна  
 Байманова Гаухар Аманкелдиевна